

## ХАТТАМА

**Құрманғазы аудандық ауруханасы**

**«25» қыркүйек 2025 жыл**

**Төрағалық етуші:** Директор С.У.Зулкашева.

**Хатшылықта:** Заңгер Э.Г.Мұғалім.

**Қатысқанда:** Медицина қызметкерлері.

**Жиналыс тақырыбы:** Интернет алаяқтықтың алдын алу шаралары туралы.

### Күн тәртібі:

Құрманғазы аудандық полиция бөлімінің 25.09.2025 ж. №39-4/48 ұсынысына сәйкес интернет алаяқтықтың алдын алу бойынша түсіндірме және профилактикалық жұмыстар жүргізу.

Бүгінгі баяндаманың мақсаты – аудан көлемінде жиілеп кеткен интернет алаяқтық қылмыстарының алдын алу, ұжым мүшелерін және тұрғындарды сақтыққа шақыру.

Құрманғазы аудандық полиция бөлімінен түскен ұсынысқа сәйкес, соңғы жылдары аудан тұрғындары арасында әлеуметтік желілер мен интернет арқылы жасалатын алаяқтық деректері көбейгені анықталды. Көбінесе азаматтар тауарға тапсырыс беріп, ақшасын алдын ала аударып, кейін тауарды ала алмай, алданған жағдайлар тіркелуде. Жәбірленушілердің негізгі бөлігі – 25 пен 40 жас аралығындағы азаматтар.

Алаяқтықтың басты себебі – интернет арқылы сатып алу кезіндегі сақтықтың аздығы, күмәнді аккаунттарға сену, телефон арқылы келген жалған хабарламаларға алданып қалу.

Қорытындылай келе, интернет алаяқтықтың алдын алу үшін әрқайсымыз сақтық шараларын қатаң ұстануымыз қажет. Тек ресми



сайттардан тапсырыс беру, бейтаныс адамдарға сенбеу, күдікті хабарламаларға жауап бермеу – өз қауіпсіздігіміздің кепілі.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы: